



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ
Баримбека Бейсенова атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ

заң институтының білім алушыларына арналған
«Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде техникалық-
криминалистикалық құралдарды қолдану» курсы
бойынша дәріс және практикалық сабақтардың
әдістемелік нұсқаулары мен

ЖОСПАРЛАРЫ

ҚАРАҒАНДЫ

Бұл курс дәрістерде, семинар және практикалық, тәжірибелік, өздігінен дайындық кезінде, сонымен қатар бос уақытта оқып үйреніледі.

Дәріс курсында тақырыптың негізгі және күрделі сұрақтары ғылым және техниканың кейінгі жетістіктері мен құқық қорғау органдары практикасының алдыңғы қатарлы табыстары еске алына отырып қарастырылады, криминалистика ғылымының көкей тесті сұрақтары айтылады, оларды шешу жолындағы әйгілі ғалымдардың әр түрлі көз-қарастары талқыланды. Сондықтан курсанттар дәрісті міндетті түрде конспектілеу керек.

Семинар сабақтары криминалистика курсының өзіндік тәніне байланысты елеулі орын ала қоймайды. Сондықтан оған дайындық, басқа оқу пәндеріне дайындалғандай жүргізіледі.

Практикалық және тәжірибелік сабақтарға оқу уақытының жартысынан көбі берілген. Оның мақсаты – қылмысты ашуда қолданылатын дәлелдемелерді жинау, бекітіп алу, зерттеу, оларға баға беру әдістерінде техника-криминалистикалық құралдарды іс жүзінде қолдану шеберлігі мен дағдысын қалыптастыру, сонымен қатар теориялық білімді жетілдіру және тереңдету болып табылады. Сондықтан әрбір практикалық және тәжірибелік сабақтарға, семинар сабағына дайындалғандай дайындалу қажет. Дайындық процесі – дәріс конспектісін оқудан, оқулықтың тиісті бөлімін, жоспардағы негізгі және қосымша әдебиеттерді, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің баптары мен нормативті актілерді қарастырудан тұрады. Жоғарыда атап өткенге қосымша – курсанттар дәріс конспектісін толықтырып (толықтыруға оңай болу үшін, дәріс жазу кезінде дәптердің ақ шетін көбірек қалдырып отырған жөн), берілген оқу және ғылыми әдебиеттерді, нормативтік актілерді қысқаша конспектілейді.

Негізгі әдебиет ретінде кафедра жоғары оқу орындарына арналған, профессорлар, Р. С. Белкин редакциясымен дайындалған «Криминалистика» (2001ж.) оқулығын, сондай-ақ институт кітапханасындағы мемлекет тілінде Б. М. Нұрғалиев, А. О. Шакенов әзірлеген «Криминалистика» (2001 ж.) оқу құралы мен 2008 жылы жарық көрген А.О.Шакеновтың «Криминалистика» және Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы криминалистика кафедрасының авторлық ұжымы дайындағы «Криминалистика» оқулықтарын ұсынады. Курсанттар академия кітапханасындағы басқада криминалистика оқулықтарымен жұмыс жасай алады. Оқулықпен бірге, әрбір сабаққа дайындық кезінде альбом-схема мен анықтама әдебиеттерді де қолданған жөн. Оларға: «Справочная книга следователя», под редакцией Д.Т.Кенжетаева, Караганды, 2015 г.; Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике; А. Л. Гинзбург, Г. И. Поврезнюк, А. В. Калинин. Справочник следователя. Алматы, 1998 г.; Справочник следователя, вып. 1, М., 1990; Справочник следователя, вып. 3, М., 1992, сонымен қатар ай сайын шығатын басылымдар жатады. Ведомстволық басылымдар мен нормативті актілерді оқуға ерекше назар аударылады. Олар сабақ жоспарында көрсетілген, және де оқытушымен ұсынылады.

Оқу материалын сапалы меңгерілгенін бағалау мақсатымен, оқытушы әрбір сабақта және өздігінен дайындық кезінде курсанттардың біліміне бақылау жасап отырады. Мұндай бақылау – арнайы жасалған, оқытып–үйрету бағдарламаларын қолдану, орындалған практикалық тапсырмаларды альбом-практикумнен қарау,

таңдап жауап алу және бағалау арқылы курсанттардың білім сапасын тексеруден тұрады. Босатқан сабақтарды және алған қанағаттандырарлықсыз бағаларды, курсанттар жұмыс жасап өтеу қажет.

Баға ағымдағы бақылау нәтижесін еске ала отырып, бөлшек түрінде қойылады: алымында – теориялық біліміне, ал бөлімінде – практикалық шеберлігіне.

Қорытынды бақылау семестр аяғында сынақ түрінде өтеді.

Сабақ босатқан курсанттар осы жоспарға сәйкес өздігінен әдебиеттерді оқып, практикалық тапсырмаларды дұрыстап орындап, оқытушыға сынақ түрінде өтеу қажет.

Төменде, дәріс, семинар және практикалық сабақтар жоспарындағы реттік нөміріне сай келетін, курстын тематикалық жоспарының жайма түрі келтіріліп отыр:

«Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде техникалық-криминалистикалық
құралдарды қолдану» курсы бойынша
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

тақ №	саб №	тақырып атауы		Аудиториялық сағаттар			КӨЖ
				дәріс	сем.	пр.	
1		Дәлелдемелік ақпаратты жинаудағы техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістер	8	2			4
	1					2	
2		Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі фото-және бейне бекіту	12	2			2
	1					4	
	1					4	
3		Тергеу әрекеттері кезіндегі алдын ала зерттеу	8	2			2
	1					4	
4		Оқиға орнында әртүрлі санаттағы объектілермен жұмыс жасау	6	2			4
4.1	1	Қол іздерімен жұмыс жасау	10			4	4
	2					2	
4.2	1	Аяқ және көлік іздерімен жұмыс жасау	6			4	2
4.3	1	Сындыру және рұқсат етілмеген ену іздерімен жұмыс жасау	8			4	4
4.4	1	Микрообъектілер және биологиялық тегі бар іздермен жұмыс жасау	8			4	4
5		Оқиға орнында атыс қаруын қолдану іздерімен жұмыс жасау	10	2			2
	1					2	
	2					4	
5.1	1	Әртүрлі бөгеттердегі атыс іздерімен жұмыс жасау	6			4	2
6		Заттық дәлелдеме ретіндегі құжаттармен жұмыс жасау	8	2			
	1					4	
	2					2	
Барлығы:			90	12		48	30

1 тақырып	Дәлелдемелік ақпаратты жинаудағы техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістер
	Дәріс – 2 сағат

Жоспар:

1. Техникалық-криминалистикалық құралдардың түсінігі және жіктемесі.
2. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданатын техникалық-криминалистикалық құралдар.
3. Заттық дәлелдемелерді лабораториялық зерттеу кезінде қолданылатын

техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістер.

Әдебиет:

Негізгі:

1. «ПО жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру Ережесі» Қазақстан Республикасы ІІМ № 75 бұйрығы. 21.07.2014 ж..
2. Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика. Норма - 2007, 944 с.
3. Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории. М.: Норма, 2006.
4. Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нургалиев. Караганда: Болашақ-Баспа, 2009.
5. Справочная книга следователя», под редакцией Д.Т.Кенжетоева, Караганды, 2015 г.
6. Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике. Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, 2014.
7. Криминалистика: Оқулық. Е.Ғ.Жәкішевтің редакциялауымен. – Алматы, 2006.
8. Шакенов А.О. Криминалистика. Оқулық. – Астана, 2008.

Қосымша:

1. А.А.Гинзбург, Г.И.Поврезнюк, А.В.Калинин, справочник следователя. Алматы, 1998г.
2. Руководство для следователей. – М., 1981г. т.1.
3. Криминалистические средства и методы раскрытия преступлений. Волгоград, 1979г.
4. Диденко Ф.К. Применение научно-технических средств и методов при осмотре места происшествия. – Ярославль, 1989г.
5. Гончаренко В.И. Научно-технические средства в следственной практике. – Киев, 1984г.

1 тақырып	Дәлелдемелік ақпаратты жинаудағы техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістер
	Курсанттың өздігінен жұмысы - 4 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Техникалық-криминалистикалық құралдардың жіктемесі.
2. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде қолданатын техникалық-криминалистикалық құралдар.
3. Іздерді табу құралдары.
4. Бекітудің криминалистикалық құралдары.

Практикалық сабаққа дайындық ретінде төмендегідей сұрақтарды оқу керек:

1. Заттық дәлелдемелерді жинау кезінде қолданылатын техникалық-криминалистикалық құралдар.
2. Заттық дәлелдемелерді алдын-ала және сараптамалық зерттеуден өткізу барысында қолданылатын техникалық-криминалистикалық құралдар.

1 тақырып	Дәлелдемелік ақпаратты жинаудағы техникалық-криминалистикалық құралдар мен әдістер
№ 1 сабақ	Практикалық 2 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Заттық дәлелдемелерді жинау кезінде қолданылатын техникалық-криминалистикалық құралдар.
2. Заттық дәлелдемелерді алдын-ала және сараптамалық зерттеуден өткізу барысында қолданылатын техникалық-криминалистикалық құралдар.

Практикалық тапсырма:

1. Тергеулік чемодан ішіндегі техникалық-криминалистикалық құралдардың мақсатымен танысу.
 1. Оқу бейнефилмін көру.
 2. Тақырып бойынша оқу-бағдарламалық сұрақ жүргізу.

2 тақырып	Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі фото- және бейне бекіту
	Дәріс – 2 сағат

Жоспар:

1. Криминалистикалық фотосурет түсінігі және оның құралдарының, әдістерінің, амалдарының жйесі.
2. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде криминалистикалық фотосурет, бейне жазба қолдану.
3. Фотосурет және бейне жазбаны процессуалдық рәсімдеу.

Әдебиет:

Негізгі:

1. «ПО жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру Ережесі» Қазақстан Республикасы ІІМ № 75 бұйрығы. 21.07.2014 ж.
2. Азаренко С.Н. Криминалистическая фотография: Учебно-практическое пособие/Алматы:ЮРИСТ,2006.
3. Аубакиров, А. Ф. Криминалистическая цифровая фотография: Учебное пособие/Алматы:Аркаим,2003.
4. А.Ф.Аубакиров, С.Коваленко Криминалистическая цифровая фотография. Алматы, 2001 г.
5. Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нургалиев. Караганда: Болашақ-Баспа, 2009.
6. Справочная книга следователя», под редакцией Д.Т.Кенжетаева, Караганды, 2015 г.
7. Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике. Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, 2014.
8. Криминалистика: Оқулық. Е.Ф.Жәкішевтің редакциялауымен. – Алматы, 2006.

9. Шакенов А.О. Криминалистика. Оқулық. – Астана, 2008.

Қосымша:

1. Криминалистика. – М., 1987г. т.1.

2. Криминалистика. Краткая энциклопедия. – М., 1993г.

3. Судебная фотография (под ред. Дулова А.В.). Минск, 1978г.

4. Грабовский В.Д., Дысков Н.Н. Использование средств фото-киносъемки и видеозаписи для фиксации следов преступлений. – Горький 1988 г.

5. Корухов Ю.Г. Общая и судебная фотография. Учебное пособие – М., 1975 г.

6. Салтевский В.М., Гапонов Ю. С. Судебная фотография и кинематография в деятельности органов внутренних дел. – Киев 1974 г.

7. Морозов Б.Н. Использование криминалистической фотографии при расследовании преступлений. – Ташкент 1990 г.

8. Сырков С.М., Моисеев П.А. Фотографирование на месте происшествия. М., 1980 г.

9. Морозов Б.Н. Использование криминалистической фотографии при расследовании преступлений. – Ташкент 1990 г.

10. Осмотр места происшествия: Практ. пособие / Под ред. А.И. Дворкина. - М.: Юристъ, 2000.

11. Газизов В.П., Филиппов А.Г. Видеозапись и ее использование при раскрытии и расследовании преступлений. - М.: Щит-М, 1998.

2 тақырып	Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі фото- және бейне бекіту
№1 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Фотокамераны түсіруге дайындау.

2. Фотоға түсіру:

- фотоға түсіру нүктесін таңдау;
- түсіру кезінде жарық беруді таңдау (табиғи, жасанды, арнайы);
- көз шағылысын келтіру және объективті диафрагмдау;
- айқындылық тереңдігін анықтау;
- ұсталымды анықтау және экспозициялау.

3. Электрондық жарқ етпе шамын қолдана отырып фотоға түсіру ерекшеліктері.

4. Ауыспалы объективтерді қолдана отырып суретке түсіру.

Практикалық тапсырма:

1. Фотокамераны түсіруге дайындау (барлық тетіктерінің қалпын тексеру).

1. Фотокамераның функциялары мен режимдерімен танысу.

2. Оқытушының көрсетуімен ашық жерде объектілерді суретке түсіру:

- бір объектіні 5,6 диафрагма, бірақ әртүрлі – 30, 125, 500 ұсталымдарымен түсіру;
- объектілер жиынтығын әртүрлі айқындылық тереңдігін қолдана отырып үш

рет түсіру (диафрагма мөлшері – 2, 5.6, 16 және оларға лайық ұсталым тағайындау). Көз шағылысын келтіру өзгеріссіз (2,5 метр).

- объектіні әртүрлі фокустық арақашықтық (F18, F50, F10) қолдана отырып үш рет түсіру;
 - бөлме жағдайын жарқ етпе шамын қолдана отырып түсіру.
3. Алынған фотосуреттерді фотокесте түрінде рәсімдеу.

2 тақырып	Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі фото- және бейне бекіту
	курсанттың өздігінен дайындығы - 2 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде фотосуретті қолданудың жалпы процес-суалдық ережелері.
2. Оқиға орнын қарау кезінде фотосуретті қолдану ерекшеліктері.
3. Мәйітті табылған жерде қарау кезінде фотосуретті қолдану ерекшеліктері.
4. Басқа да тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде фотосуретті қолдану ерекшеліктері.

Практикалық сабаққа дайындық ретінде төмендегідей сұрақтарды оқу керек:

1. Суретке түсіру тәсілдерінің түсінігі және мәні (бағдарлап, шолу арқылы, тораптап және егжей-тегжейлеп түсіру).
2. Криминалистикалық фотосурет әдістерінің түсінігі және мәні.
3. Панорамалық сурет ережелері.
4. Макро режимінде түсіру. Экспозициясын анықтау ерекшеліктері.
5. Өлшемдік сурет. Масштабтық сурет ережесі. Масштабтық сурет ережесімен түсірген объектінің өлшемін анықтау.
6. Оқиға орнында мәйітті суретке түсіру ерекшеліктері. Түсіру нүктесін таңдау.
7. Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін бекіту кезіндегі бейне жазу.

Тема 2	Тергеу әрекеттерін жүргізу кезіндегі фото- және бейне бекіту
№2 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Суретке түсіру тәсілдерінің түсінігі және мәні (бағдарлап, шолу арқылы, тораптап және егжей-тегжейлеп түсіру).
2. Криминалистикалық фотосурет әдістерінің түсінігі және мәні.
3. Панорамалық сурет ережелері.
4. Макро режимінде түсіру. Экспозициясын анықтау ерекшеліктері.
5. Өлшемдік сурет. Масштабтық сурет ережесі. Масштабтық сурет ережесімен түсірген объектінің өлшемін анықтау.
6. Оқиға орнында мәйітті суретке түсіру ерекшеліктері. Түсіру нүктесін таңдау.
7. Тергеу әрекеттерінің барысы мен нәтижелерін бекіту кезіндегі бейне жазу.

Практикалық тапсырмалар:

1. Фотокамераны дайындау.
2. Айналма панорама тәсілімен «оқиға болған жер» мен қоршаған орта жағдайын суретке түсіру (бағдарлап суретке түсіру).
3. Қоршаған ортасыз қарама-қарсы нүктелерден «оқиға болған жерді» суретке түсіру (шолушылық сурет).
4. Мәйітті оқиға болған жерде түсіру (тораптық сурет).
5. Масштабтық фотография ережесімен оқытушы көрсеткен объектіні түсіру (егжей-тегжейлік сурет).
6. Оқытушының көрсетуімен макросурет режимінде бір объектіні түсіру.
7. Фотосуреттерді фотокесте түрінде рәсімдеу.

3 тақырып	Тергеу әрекеттері кезіндегі алдын ала зерттеу
	Дәріс – 2 сағат

План:

1. Криминалистикалық идентификация түсінігі, мәні және мағынасы.
2. Криминалистикадағы белгілі бір топқа жататындығын анықтау.
3. Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудегі криминалистикалық диагностиканың мағынасы.

Әдебиет:

Негізгі:

1. «ПО жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру Ережесі» Қазақстан Республикасы ІІМ № 75 бұйрығы. 21.07.2014 ж.
2. Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев. Караганда: Болашақ-Баспа, 2009.
3. «Справочная книга следователя», под редакцией Д.Т.Кенжетоева, Караганды, 2015 г.
4. Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике. Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, 2014.
5. Криминалистика: Оқулық. Е.Ғ.Жәкішевтің редакциялауымен. – Алматы, 2006.
6. Шакенов А.О. Криминалистика. Оқулық. – Астана, 2008

Қосымша:

1. Криминалистика. – М., 1987г. т.1.
2. Криминалистика. Краткая энциклопедия. – М., 1993г.
3. Колдин В.Л. Идентификация и ее роль в установлении истины по уголовным делам. – М., 1969г.
4. Колмаков В.П. Идентификационные действия следователя. – М., 1977г.
5. Селиванов Н.А. Актуальные теоретические вопросы криминалистической идентификации. – В кн.: Вопросы борьбы с преступностью, вып.14.
6. Диагностика при производстве криминалистических экспертиз. Сборник научных трудов. – М., ВНИИ МВД СССР, 1984г. №72.

7. Трасологическая диагностика. М., ВНИИСЭ, 1983г.

8. Корухов Ю.Г. Проблемы криминалистической диагностики. В сб.: Повышение эффективности использования криминалистических методов и средств расследования преступлений. М., 1985г. Труды Академии МВД СССР.

3 тақырып	Тергеу әрекеттері кезіндегі алдын ала зерттеу
	курсанттың өздігінен дайындығы - 2 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Идентификация түрлері.
2. Идентификациялық зерттеулердің объектілері мен субъектілері.
3. Белгілі бір топқа жататындығын анықтаудың түсінігі, мәні және мағынасы.
4. Қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудегі криминалистикалық диагностиканың мағынасы.

3 тақырып	Тергеу әрекеттері кезіндегі алдын ала зерттеу
№1 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Идентификация түрлері.
2. Идентификациялық зерттеулердің объектілері мен субъектілері.
3. Белгілі бір топқа жататындығын анықтаудың түсінігі, мәні және мағынасы.
4. Криминалистическая диагностика және оның қылмыстарды ашу және тергеп-тексерудегі мағынасы.

Практикалық тапсырмалар:

1. Оқу бейне фильмін көру.
2. Оқытушымен ұсынылған фабула бойынша нақты объектіні зерттеу түрін анықтау.
2. Тақырып бойынша бағдарламалық жауап алу.

4 тақырып	Оқиға орнында әртүрлі санаттағы объектілермен жұмыс жасау
	Дәріс – 2 сағат

Жоспар:

1. Іздер туралы криминалистикалық ілімнің түсінігі, міндеттері және жүйесі. Іздерді бекіту және алу туралы жалпы мағұлмат.
2. Бейнелену іздері: пайда болу механизмі және оның жіктмесі.
3. Адам іздері және олардың криминалистикалық мәні.
4. Сындыру құралы, механизм және аспаптардың іздері және олардың криминалистикалық мәні.
5. Көлік құралдарының іздері және олардың криминалистикалық мәні.
6. Заттар қылмыс іздері ретінде. Құлып және бекітпе құралдарының криминалистикалық мағынасы.
7. Нәрселер қылмыс іздері ретінде. Микрообъектілердің түсінігі, оларды жинау және зерттеу әдіс-құралдары.

Әдебиет

Негізгі:

1. «ПО жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру Ережесі» Қазақстан Республикасы ІІМ № 75 бұйрығы. 21.07.2014 ж.
2. Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нургалиев. Караганда: Болашақ-Баспа, 2009.
3. «Справочная книга следователя», под редакцией Д.Т.Кенжетоева, Караганды, 2015 г.
4. Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике. Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, 2014.
5. Криминалистика: Оқулық. Е.Ф.Жәкішевтің редакциялауымен. – Алматы, 2006.
6. Шакенов А.О. Криминалистика. Оқулық. – Астана, 2008

Қосымша:

1. Турчин Д.А. Теоретические основы учения о следах в криминалистике. – Владивосток, 1983 г.
2. Русаков М.Н. Следы преступления. – Омск, 1988 г.
3. Грановский Г.Л. Методы обнаружения и фиксации следов рук. – М., 1973 г.
4. Грановский Г.Л. Основы трасологии (общая часть) – М., 1965 г., (особенная часть) – М., 1974 г.
5. Крылов И.Ф. Криминалистическое учение о следах. – М., 1976 г.
6. Выявление латентных следов папиллярных узоров. – М., 1988 г.
7. Выявление невидимых следов папиллярных узоров на поверхности из тканей и кожи. – М., 1987 г.
8. Корниенко Н.А. Работа со следами пальцев рук при расследовании преступлений. – Л., 1988 г.
9. Лемасов А.И., Прошин Г.Н., Ченцов Ю.Н. Криминалистические методы обнаружения, фиксации и изъятия микро следов на месте происшествия. Уч. пособие – Волгоград, 1990 г.
10. Работа с микрообъектами на месте происшествия. Методическое пособие. – М., 1978 г.
11. Сова В.П. Следы шин автотранспортных средств и их использование в розыскной и следственной практике. – М., 1978 г.

4 тақырып	Оқиға орнында әртүрлі санаттағы объектілермен жұмыс жасау
	курсанттың өздігінен дайындығы - 4 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Адамның тері өрнектерінің құрылымы, қасиеттері мен жіктелуі.
2. Бүртік (папилляр) өрнектердің типтері және түрлері, қасиеттері.
3. Бүртік (папилляр) өрнектерінің жеке даралық ерекшеліктері.

Практикалық сабаққа дайындалуға арналған бақылау сұрақтары:

1. Бүртік өрнектерінің негізгі қасиеттері, олардың жіктелуі (типтері және

түрлері).

2. Адамды теңдестіруде қолданылатын бүртік өрнектерінің жеке белгілері (деталлдары).

3. Қол іздерінің жіктемесі.

4. Тер-майлы (түссіз) қол іздерін табу тәсілдері.

5. Қол іздерін бекіту және алу тәсілдері.

6. Тергеулік тексеру хаттамасында көрсетілетін қол іздері туралы мағұлматтар.

4.1 тақырып	Қол іздерімен жұмыс жасау
№1 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Бүртік өрнектерінің негізгі қасиеттері, олардың жіктемесі (типтері және түрлері).

2. Адамды теңдестіруде қолданылатын бүртік өрнектерінің жеке белгілері (деталлдары).

3. Қол іздерінің жіктемесі.

4. Тер-майлы (түссіз) қол іздерін табу тәсілдері.

5. Қол іздерін бекіту және алу тәсілдері.

6. Тергеулік тексеру хаттамасында көрсетілетін қол іздері туралы мағұлматтар.

Практикалық тапсырмалар

1. Ұсынылған заттардан әлсін көрінетін және көрінбейтін термайлық қол іздерін ұнтақ тәріздес қоспалармен өңдеу арқылы айқындау қажет.

2. Айқындалған іздерді дактилоскопиялық пленкаға көшіру.

3. Қағаз үстіндегі көрінбейтін қол іздерін магниттік жаққыш және йод буларының көмегімен айқындау тәсілімен танысу.

4. Көрінбейтін іздерді химиялық тәсілмен айқындауды қарастыру.

5. Қол саусақтарының іздері бар нәрсені тексеру хаттамасының баяндама бөлігін құрастырындар.

6.«Дактилоскопия» тарауы бойынша бағдарлап жауап алу.

4.1 тақырып	Қол іздерімен жұмыс жасау
	курсанттың өздігінен дайындығы - 4 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Қол іздерін айқындаудың физикалық әдістері.

2. Қол іздерін айқындаудың химиялық әдістері.

3. Термайлық және көлемді қол іздерінен көшірме әзірлеу әдістемесі.

Практикалық сабаққа дайындалуға арналған бақылау сұрақтары:

1. Бүртік өрнектерінің белгілері.

2. Оқиға орнында қол іздерін зерттеу арқылы анықталуы мүмкін жағдайлар (мәліметтер).

3. Қай қолымен және қандай саусақпен қалдырылғандығын анықтауда пайдаланылатын белгілер.

4.1 тақырып	Қол іздерімен жұмыс жасау
№2 сабақ	практикалық 2 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Бүртік өрнектерінің белгілері.
2. Оқиға орнында қол іздерін зерттеу арқылы анықталуы мүмкін жағдайлар (мәліметтер).
3. Қай қолымен және қандай саусақпен қалдырылғандығын анықтауда пайдаланылатын белгілер.

Практикалық тапсырмалар

1. Алдындағы сабақта бастап жасаған тапсырмаларды аяқтау.
2. Оқытушымен ұсынылған бес дактилокартаны ескере отырып саусақ іздері бойынша күдіктіні айқындау.

4.2 тақырып	Аяқ және көлік іздерімен жұмыс жасау
	курсанттың өздігінен дайындығы - 2 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Аяқ іздерінің жіктелуі.
2. Аяқ киім іздерін бекіту тәсілдері.
3. Аяқ киім іздерін зерттеумен шешілетін сұрақтар.

Практикалық сабаққа дайындалуға арналған бақылау сұрақтары:

1. Оқиға орнында аяқ (аяқ киім) іздерін зерделеу барысында анықталатын жағдайлар (мәліметтер).
2. Аяқ іздері жолында бейнеленетін жүріс белгілері.
3. Жалан аяқ ізі мен аяқ киім ізін зерделеу барысында қандай өлшемдерді орындау қажет?
4. Жалан аяқ ізі мен аяқ киім ізі бойынша шамамен адам бойын және аяқ киім нөмірін анықтау.
5. Аяқтың көлемді іздерінен құю, себу және қиыстырылған әдістер арқылы гипстік көшірме бедерлерді дайындау техникасы.
6. Қар, ұн, цемент үстіндегі аяқ іздерін бекіту.
7. Көлік іздеріндегі белгілер арқылы автомобиль моделін, түрін және шина моделін анықтау.
8. Көлік құралының жүру бағытын анықтауға көмек беретін белгілер.
9. Көлік құралы дөңгелек іздерін бекіту тәсілдері.
10. Қарау хаттамасында көрсетілуге тиіс көлік құралының іздерін туралы ақпарат.

4.2 тақырып	Аяқ және көлік іздерімен жұмыс жасау
№1 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Оқиға орнында аяқ (аяқ киім) іздерін зерделеу барысында анықталатын жағдайлар (мәліметтер).
2. Аяқ іздері жолында бейнеленетін жүріс белгілері.
3. Жалан аяқ ізі мен аяқ киім ізін зерделеу барысында қандай өлшемдерді орындау қажет?
4. Жалан аяқ ізі мен аяқ киім ізі бойынша шамамен адам бойын және аяқ киім нөмірін анықтау.
5. Аяқтың көлемді іздерінен құю, себу және қиыстырылған әдістер арқылы гипстік көшірме бедерлерді дайындау техникасы.
6. Қар, ұн, цемент үстіндегі аяқ іздерін бекіту.
7. Көлік іздеріндегі белгілер арқылы автомобиль моделін, түрін және шина моделін анықтау.
8. Көлік құралының жүру бағытын анықтауға көмек беретін белгілер.
9. Көлік құралы дөңгелек іздерін бекіту тәсілдері.
10. Қарау хаттамасында көрсетілуге тиіс көлік құралының іздерін туралы ақпарат.

Практикалық тапсырмалар:

1. «Аяқ іздері» бейне фильмін көру.
2. Айналада аяқ (аяқ киім) іздерін бекіту мен қарауды орындау:
 - іздер жолын зерделеу, оның сұба түріндегі суреттемесін құрастыру, іздер жолын фотоға түсіру (торапты түсіру және сызбалық панорама әдісі).
 - іздер жолында аяқ киім анық бейнеленген екі ізді бөліп шығару, қажетті өлшемдерді орындау және іздердің сұлба түріндегі суреттемесін жасау, іздердің біреуін фотоға түсіру.
 - оқиға болған жерді қарау хаттамасының аяқ киім іздерін суреттейтін үзіндісін құрастыру.
 - іздердің біреуінен гипстік көшірме бедерді дайындау.
3. Көлік дөңгелегінің іздерін қарау және бекіту:
 - қара жол үстінде қалдырылған көлік шинасының ізін қарап, қажетті өлшемдер жүргізіп және олар бойынша жүру бағытын анықтау;
 - алынған өлшемдерді және протектор суретін ескере отырып кесте бойынша із қалдырған көліктің маркасы мен моделін анықтау;
 - панорамалық және өлшемдік сурет ережелері бойынша шинадан қалған бір ізді суретке түсіру;
 - іздердің схемалық суреттемесін жасау, онда колейның енін, протектор суретінің бөлек элементтерінің формасы мен өлшемдерін көрсету;
 - іздерді қарау хаттамасының суреттеме бөлігін құрастыру.

4.3 тақырып	Сындыру және рұқсат етілмеген ену іздерімен жұмыс жасау
	курсанттың өздігінен дайындығы – 4 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Сындыру құралдарының, механизмдердің, аспаптардың іздері.
2. Сындыру құралдарының жіктемесі.
3. Құлыптардың негізгі түрлерінің құрылысы және жұмыс істеу принципі.
4. Құлыптарды ашу және бұзу тәсілдері.
5. Бекітпе құрылғыларын зерттеумен шешілетін сұрақтары.

Практикалық сабаққа дайындалуға арналған бақылау сұрақтары:

1. Қоймаларды бұзу тәсілдері.
2. Оқиға орнында сындыру құралдарының іздерін зерттеумен анықталатын жағдайлар.
3. Сындыру құралдарының және аспаптардың іздерін бекіту және алу тәсілдері.
4. Көбіне қолданылатын пластикалық қоспалардан (пластилин, «К» пастасы және т.б.) көшірме дайындау техникасы.
5. Трасологиялық сараптамамен шешілетін сұрақтар.
6. Құлыптарды бұзу және пломбаларды қайта ілу тәсілдерін анықтау.

4.3 тақырып	Сындыру және рұқсат етілмеген ену іздерімен жұмыс жасау
№1 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Қоймаларды бұзу тәсілдері.
2. Оқиға орнында сындыру құралдарының іздерін зерттеумен анықталатын жағдайлар.
3. Сындыру құралдарының және аспаптардың іздерін бекіту және алу тәсілдері.
4. Көбіне қолданылатын пластикалық қоспалардан (пластилин, «К» пастасы және т.б.) көшірме дайындау техникасы.
5. Трасологиялық сараптамамен шешілетін сұрақтар.
6. Құлыптарды бұзу және пломбаларды қайта ілу тәсілдерін анықтау.

Практикалық тапсырмалар:

1. «Трасология» бейне фильмін көру.
2. Сындыру құралының көлемді іздерін қарау, оның схемалық суреттемесін орындау.
3. Сындыру құралдарының іздері орналасқан заттарды қарау хаттамасының суреттеме бөлігін құрастыру.
4. Ізден пластилин көшірмесін дайындау, ізде бейнеленген сындыру құралының түрі мен ерекшелігін сипаттаушы белгілерді анықтау.
5. Сындыру құралдарының және аспаптардың іздерінен синтетикалық

материалдардың көмегімен көшірме алу техникасымен танысу.

6. Ұсынылған құлыпты қарау, схемалық суреттемесін орындау.

7. Құлыпты қарау хаттамасының суреттеме бөлігін құрастыру.

4.4 тақырып	Микрообъектілер және биологиялық тегі бар іздермен жұмыс жасау
	курсанттың өздігінен дайындығы – 4 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Микробөлшектерді табу, алу және бекіту тәсілдері.

2. Микрообъектілер орналасқан заттарды және микрообъектілердің өздерін буып-түйю ережесі.

3. Заттар мен материалдардың криминалистикалық зерттеуімен шешілетін сұрақтар.

Тема 4.4	Микрообъектілер және биологиялық тегі бар іздермен жұмыс жасау
Занятие №5	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Микробөлшектерді табу, алу және бекіту тәсілдері.

2. Микрообъектілер орналасқан заттарды және микрообъектілердің өздерін буып-түйю ережесі.

3. Заттар мен материалдардың криминалистикалық зерттеуімен шешілетін сұрақтар.

Практикалық тапсырмалар:

1. «Микрообъекты. Новое в криминалистике». бейнефильмін көру

2. Микро шансорғыш, дактилоскопиялық пленка, жабысқақ лента көмегімен микрообъектілерді табу және алу техникасымен танысу.

1. Тақырып бойынша бағдарламалық жауап алу.

5 тақырып	Оқиға орнында атыс қаруын қолдану іздерімен жұмыс жасау
	Дәріс – 2 сағат

Жоспар:

1. Баллистикалық зерттеу объектілерінің сипаттамасы және жіктемесі.

2. Баллистика объектілерін табу, бекіту және алу тәртібі.

3. Атыс қаруын қолданудан қалған іздерді алдын ала зерттеу.

Әдебиет:

Негізгі:

1. «ПО жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру Ережесі» Қазақстан Республикасы ІІМ № 75 бұйрығы. 21.07.2014 ж.

2. «Азаматтық және қызметтік қару және оның патрондарын сынақтан өткізу және оларға қойылатын криминалистикалық талаптар туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ № 219 бұйрығы. 16.03.2015 ж.

3. Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нургалиев. Караганда: Болашақ-Баспа, 2009.

4. Справочная книга следователя», под редакцией Д.Т.Кенжетоева, Караганды, 2015 г.

5. Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике. Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, 2014.

6. Криминалистика: Оқулық. Е.Ғ.Жәкішевтің редакциялауымен. – Алматы, 2006.

7. Шакенов А.О. Криминалистика. Оқулық. – Астана, 2008

Қосымша:

1. Турчин Д.А. Теоретические основы учения о следах в криминалистике. – Владивосток, 1983 г.

2. Русаков М.Н. Следы преступления. – Омск, 1988 г.

3. Аханов В.С. Криминалистическая экспертиза огнестрельного оружия - Волгоград, 1979г.

4. Самсонов Г.А. Судебная баллистика. Учебное пособие - М., 1975г.

5. Автоматические пистолеты и их следы на пулях и гильзах. Т.1., т.2. М., 1972г.

6. Кустанович С.Д. Судебная баллистика. М., 1956г.

7. Косоплечев Н.П. Осмотр места происшествия по делам, связанным с применением огнестрельного оружия.

5 тақырып	Оқиға орнында атыс қаруын қолдану іздерімен жұмыс жасау
№1 сабақ	практикалық 2 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Баллистикалық зерттеу объектілерінің сипаттамасы және жіктемесі.

2. Қару жән оқ-дәрілерді бекіту құралдары.

3. Атыс қаруын қолданудан қалған іздерді алдын ала зерттеу.

Практикалық тапсырмалар:

1. «Следы выстрела» бейнефильмін көру.

2. Тақырып бойынша бағдарламалық жауап алу.

5 тақырып	Оқиға орнында атыс қаруын қолдану іздерімен жұмыс жасау
	курсанттың өздігінен дайындығы – 2 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Атыс қаруының түсінігі және жіктемесі.

2. Қару және оқ-дәрілерді бекітіп алу құралдары.

3. Атыс қаруы және оқ-дәрілердің криминалистикалық баллистикалық сараптамасы шешетін сұрақтар.

Практикалық сабаққа дайындалуға арналған мынадай бақылау сұрақтарын зерделеу:

1. Атыс қаруы және оқ-дәрілермен жұмыс жасау, қарау, және буып-түю ережелері.
2. Атыс қаруының негізгі элементтері.
3. Кеңінен тараған атыс қаруының құрылымы және жұмыс істеу механизмі.

5 тақырып	Оқиға орнында атыс қаруын қолдану іздерімен жұмыс жасау
№2 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Атыс қаруы және оқ-дәрілермен жұмыс жасау, қарау, және буып-түю ережелері.
2. Атыс қаруының негізгі элементтері.
3. Кеңінен тараған атыс қаруының құрылымы және жұмыс істеу механизмі.

Практикалық тапсырмалар:

1. Берілген атыс қару үлгісін криминалистикалық ережелерді сақтай отырып қарау.
2. Атыс қаруын қарау хаттамасының суреттеме бөлігін құрастыру.
3. Фотоға түсіру және фотокесте құрастыру.

5.1 тақырып	Әртүрлі бөгеттердегі атыс іздерімен жұмыс жасау
	курсанттың өздігінен дайындығы – 2 сағат

Курсант өздігінен жұмыс кезінде нені оқып-үйрену керек:

1. Гильза, оқ, картеч, бытыра, тығын, атыс қаруының іздері бар бөгеттерді табу, қарау, бекіту, алу және буып-түю ережелері.
2. Атылған гильза мен оқтағы қандай іздер атыс қаруының түрін, моделін анықтауға, сонымен бірге оны идентификациялауға қолданылады.
3. Атыс қаруын қолдану іздерінің диагностикалық зерттеулері (атыс қаруын қолдану жайын, атыстың арақашықтығы мен кезегін, атыс жасаған орнын анықтау).

5.1 тақырып	Әртүрлі бөгеттердегі атыс іздерімен жұмыс жасау
№1 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Гильза, оқ, картеч, бытыра, тығын, атыс қаруының іздері бар бөгеттерді табу, қарау, бекіту, алу және буып-түю ережелері.
2. Атылған гильза мен оқтағы қандай іздер атыс қаруының түрін, моделін анықтауға, сонымен бірге оны идентификациялауға қолданылады.
3. Атыс қаруын қолдану іздерінің диагностикалық зерттеулері (атыс қаруын қолдану жайын, атыстың арақашықтығы мен кезегін, атыс жасаған орнын анықтау).

Практикалық тапсырмалар:

1. Атылған гильзаны қарау:

а) гильзаның конструктивті белгілерін ажырату: оның қалыбын, түсін, калибрін, өлшемдерін, таңбаларын және т.б.;

б) қару бөлшектерінен, соның ішінде шаппадан, серпігіштен (выбрасыватель), патрон лақтырғыштан (отражатель) қалған іздерді зерттеу.

2. Атылған оқты қарау:

а) конструктивті және басқа да белгілерді ажырату;

б) оқпанның иір ойық іздерін оқып білу, олардың санын, бағытын, енін, басқа да іздерін анықтау.

3. Гильза табаны, корпусы және оқтың схемалық суреттемесін жасап, олардағы іздер мен таңбаларды көрсету.

4. Атылған оқ пен гильзаны қарау хаттамасының баяндама бөлігін құрастыру.

5. Атыс іздері орналасқан объектіні қарау, схемалық суреттеу және заттық дәлелдемені қарау хаттамасында суреттеу.

6 тақырып	Заттық дәлелдеме ретіндегі құжаттармен жұмыс жасау
	Дәріс – 2 сағат

Жоспар:

1. Құжаттардың түсінігі, түрлері және олармен жұмыс жасау тәсілдері.

2. Қолжазбаны криминалистикалық зерттеу.

3. Құжаттарды техникалық-криминалистикалық зерттеу.

Әдебиет:

Негізгі:

1. «ПО жедел-криминалистикалық қызметті жүзеге асыру Ережесі» Қазақстан Республикасы ІІМ № 75 бұйрығы. 21.07.2014 ж.

2. Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев. Караганда: Болашақ-Баспа, 2009.

3. «Справочная книга следователя», под редакцией Д.Т.Кенжетоева, Караганды, 2015 г.

4. Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике. Карагандинская академия МВД РК им.Б.Бейсенова, 2014.

5. Криминалистика: Оқулық. Е.Ғ.Жәкішевтің редакциялауымен. – Алматы, 2006.

6. Шакенов А.О. Криминалистика. Оқулық. – Астана, 2008

Қосымша:

1. Корухов Ю.Г. Криминалистическое исследование документов. М., 1975г.

2. Винберг Л.А., Шванкова М.В. Почерковедческая экспертиза. Волгоград, 1977г.

3. Техника подготовки криминалистической экспертизы почерка. Вильнюс, 1972г.

4. Кворкова И.И., Моисеев А.П. Использование рукописных текстов для розыска и установления их исполнителей. М., 1972г.

5. Беляев Г.А., Калашников А.Н. Методы технико-криминалистического исследования документов. Волгоград, 1987г.

6. Сейтенов К. К. Методика криминалистического исследования рукописей, выполненных на казахском языке, с учетом уровневоего принципа решения идентификационных задач: Учебное пособие.-Астана:ИЗД-ВО КАЗГЮУ, 2004.

6 тақырып	Заттық дәлелдеме ретіндегі құжаттармен жұмыс жасау
№1 сабақ	практикалық 4 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Заттық дәлелдеме ретіндегі құжаттармен жұмыс жасау ережелері.
2. Жазу тілінің белгілері. Іздеу кестесін құрастыру ережесі.
3. Қолтаңба мен қойылған қол үлгілерінің түрлері. Қолтаңба мен қойылған қол еркін үлгілеріне қойылатын талаптар.
4. Қолтаңба мен қойылған қол эксперименталдық үлгілерін алу техникасы.

Практикалық тапсырмалар:

1. «Құжаттар» бейне фильмін көру.
2. Берілген құжатта жазу тілінің, қол жазудың жалпы және жеке белгілерін оқып білу.
3. Іздеу кестесін құрастыру.
4. Берілген қолжазбалардағы жазу тілі мен қол жазу белгілерін оқып үйрену. Осы белгілерді іздеу кестесіндегі белгілермен салыстырып, үлгі ретінде сараптамаға жіберетінің айқындау.
5. Бағдарлап жауап алу.

6 тақырып	Заттық дәлелдеме ретіндегі құжаттармен жұмыс жасау
№2 сабақ	практикалық 2 сағат

Бақылау сұрақтары:

1. Жасанды құжаттарды дайындау түрлері. Жасандылық белгілері.
2. Мөрлерді және штамптарды жасанды ету тәсілдері. Басқа да жасандылықты сипаттаушы белгілер.
3. Жасандылық белгілерін айқындау үшін құжаттарды зерттеп қарауда қолданылатын ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер.
4. Тазартылған жазуларды орнына келтіру тәсілдері мен тазартып өшіру белгілері.
5. Құжаттағы мәтінді улау және жуу белгілері. Жазу мазмұнын орнына келтіру әдістері.
- 6 Қолмен жасалған түзетулер мен толықтыруларды тану тәсілдері.
7. Құжаттың бөлек жерлерін ауыстыру арқылы жасанды етудің мәні.
8. Құжаттарды қарауды хаттамада суреттеп жазу.

Практикалық тапсырмалар:

1. Мөрлерді және штамп, қойылған қол бар құжаттарды қарау. Олардың дұрыстығын немесе жасандылығын көрсететін белгілерді анықтау.

2. Мөр, штамп, қойылған қолға қатысты құжаттарды қарау хаттамасының баяндама бөлігін құрастыру.

3. Ережелерді қолдана отырып құжатты суретке түсіру (қолмен жазылған және принтерге басылған):

- жалпы түрін;
- макро режимде.
- өзгерістер бар бөлігін

4. Фотокесте құрастыру.

Жоспар мен әдістемелік нұсқауларды кафедра аға оқытушысы, полиция майоры А.Ж.Жүнүсова әзірледі.

Криминалистика кафедрасының мәжілісінде талқыланды және мақұлданды
2016ж. « ____ » _____ № ____ Хаттама

Криминалистика кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

А.О. Шакенов